



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

**СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ  
ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП  
«VOLASHAQ» АКАДЕМИЯСЫ**

**«6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті»  
«7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»**

**ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ АККРЕДИТАЦИЯСЫ**

**г.Нур-Султан - 2020**

## ЭКСПЕРТНАЯ ГРУППА

### **Руководитель группы**

Меңлибекова Гульбахыт Жолдасбековна, профессор кафедры «Социальная работа и самопознание», д.п.н., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан

### **Эксперты:**

Сухова Елена Ивановна, профессор департамента педагогики, д.п.н., Московский городской педагогический университет, г. Москва

Копбаева Меруерт Рахымбаевна, профессор кафедры филологии и журналистики, Таразский государственный университет имени Х. Дулати, д.фил.н., г. Тараз

Зенкова Татьяна Витальевна, профессор кафедры иностранной филологии и переводческого дела, к.фил.н., Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

### **Представитель работодателей**

Смагулов Сакен Газизович, директор Карагандинского многопрофильного гуманитарно-технического колледжа, г. Караганда

### **Представитель студентов**

Сарсембаева Жанерке Сериккызы, магистрант 2-го года обучения, специальность «Казахский язык и литература», Карагандинский государственный университет имени Букетова, г. Караганда

### **КООРДИНАТОР IQAA**

Джигитчиева Карлыгаш Мухареденовна, отдел аккредитации вузов и колледжей, начальник, г. Нур-Султан

### **ОТВЕТСТВЕННЫЙ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ ВУЗА ЗА ВНЕШНЮЮ ОЦЕНКУ**

Рысмагамбетова Гульнара Мусиевна, первый проректор, Академия «Болашак», к.ю.н., профессор, г. Караганда

**Уровень соответствия отчета по самооценке образовательных программ 6B01701 Казахский язык и литература фактическому состоянию дел в Академии «Bolashaq» по каждому стандарту**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета о самооценке фактическому состоянию дел в университете для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Не соответствие
<i>Стандарт 1</i> Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
<i>Стандарт 5</i> Преподаватели и персонал	+			
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов		+		
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

**Эксперты:**

Копбаева Меруерт Рахымбаевна

Зенкова Татьяна Витальевна

**Представитель работодателей:**

Смагулов Сакен Газизович

**Представитель студентов:**

Сарсембаева Жанерке Сериккызы

14.02.2020.

*Уровень соответствия отчета по самооценке образовательных программ 7M01701 Казахский язык и литература фактическому состоянию дел в Академии «Bolashaq» по каждому стандарту*

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета о самооценке фактическому состоянию дел в университете для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Не соответствие
<i>Стандарт 1</i> Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
<i>Стандарт 5</i> Преподаватели и персонал	+			
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов		+		
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

**Эксперты:**

Копбаева Меруерт Рахымбаевна

Зенкова Татьяна Витальевна

**Представитель работодателей:**

Смагулов Сакен Газизович

**Представитель студентов:**

Сарсембаева Жанерке Сериккызы

14.02.2020.

## *Мазмұны*

### **1 ТАРАУ. МАНМӘТІН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ**

Кіріспе.....	6
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы.....	7

### **2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ**

Мамандарылған (бағдарламалық) аккредиттау стандарттарына сәйкестік	
Кіріспе.....	8
<i>Стандарт 1</i>	
Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапанын қамтамасыз ет саласындағы саясат.....	9
<i>Стандарт 2</i>	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару.....	15
<i>Стандарт 3</i>	
Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау.....	19
<i>Стандарт 4</i>	
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау.....	25
<i>Стандарт 5</i>	
Профессорлық – оқытушылық құрам .....	29
<i>Стандарт 6</i>	
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау .....	33
<i>Стандарт 7</i>	
Жұртшылықты ақпараттандыру.....	39

### **3 ТАРАУ**

<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	42
------------------------	----

### **ҚОСЫМШАЛАР**

<i>Қосымша 1</i>	
Сыртқы бағалаудың бағдарламасы .....	43
<i>Қосымша 2</i>	
Сұхбатқа қатысқандардың тізімі .....	45
<i>Қосымша 3</i>	51
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар.....	

---

---

## ***1 ТАРАУ. МАНМӘТІН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ***

### ***Kіpіcne***

«Bolashaq» академиясында арнайы аккредиттеу рәсімі аясында сарапшылар тобының сыртқы сапары 2020 жылдың 13-14 ақпаны аралығында өтті.

Сыртқы аудит ББСҚЖТА әзірлеген және академия басшылығымен келісілген бағдарламаға сәйкес өтті. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, Академияның білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы үшін сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне Білім беру ұйымына сапар басталғанға дейін ұсынылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Академия басшылығымен кездесу сарапшылар тобына академияның жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктері мен білім беру бағдарламалары мен жалпы ЖОО-ның даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шаралар академия құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докторанттармен, академия түлектерімен, жұмыс берушілерімен толық танысуға мүмкіндік берді және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларын өзіндік бағалау бойынша есеп мәліметтерінің оқу орнындағы іс жүзіндегі жай-күйіне сәйкестігін тәуелсіз бағалау жүргізуге мүмкіндік берді.

Академияның білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау бойынша есебі арнайы аккредиттеу стандарттарына сәйкес академия мен құрылымдық бөлімшелердің барлық қызмет салалары талданып, күшті және әлсіз жақтары анықталды, одан әрі даму үшін қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер анықталды.

Көзбен шолып қарау Оқу, ғылыми және әдістемелік процестерді, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаны ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ білім алушылармен және қызметкерлермен жұмыс орындарында қарым-қатынас жасау мақсатында өткізілді. Сарапшылар кафедралар, бөлімдер мен орталықтар, ҚОО, кітапхана, медпункт және физика-терапевтік кабинет, ҒЗИ, спорт залы, жазғы спорт алаңы және денсаулық проблемалары бар студенттерге арналған тренажер кабинеттері тексерілді.

Сыртқы аудитті жүргізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттарын зерделеуді және құжат айналымымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен егжей-тегжейлі танысу мақсатында аккредиттелетін бағдарламалар бағыттары бойынша оқу сабақтарына іріктеп аралау жүргізілді.

Академия көп деңгейлі білім беру жүйесі жұмыс істейді: жоғары оқу орнына дейінгі (колледж), жоғары оқу орнына дейінгі (бакалавриат), жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура және докторантура).

Академия халықаралық ұйымдармен және олардың Қазақстандағы өкілдіктерімен ынтымақтасады: DAAD Герман академиялық алмасу қызметі, IAESTE техникалық мамандықтар студенттерінің халықаралық алмасу қауымдастығы, Эрасмус+ Еуропалық Одақ бағдарламасы, Горизонт 2020, "Русский мир" қоры. ЖОО-ның негізгі сипаттамалары.

### ***ЖОО-ның негізгі сипаттамасы***

«Bolashaq» Академиясы жеке мекемесі 1995 жылы 25 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 1995 жылғы 25 қыркүйектегі №267 бұйрығы негізінде “білім туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 шілдедегі №597 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім мекемелерін лицензиялау, аттестаттау, аккредиттеу жөніндегі Республикалық Кеңестің шешімімен бекітілген Білім беру қызметін лицензиялау тәртібі туралы ереже негізінде ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасына сәйкес ЖОО кезең-кезеңмен білім беру сапасының халықаралық стандарттарына көшуді жүзеге асырады. Бағдарламаны жүзеге асыру аясында академияның миссиясы – түлектерге бәсекеге қабілеттілік пен ұтқырлықты беретін сапалы, қолжетімді, заманауи білім беруді қамтамасыз ету, қоғамның тұрақты дамуының ресурсы және кепілі ретінде ұлттың зияткерлік және рухани әлеуетін арттыру болып табылады.

2004 жылдан бастап ЖОО-да кредиттік оқыту жүйесі енгізілді. Академия Қазақстанның Болон үдерісіне қосылу бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы университеттерінің меморандумына (Тараз декларациясы) қол қойған 15 ЖОО қатарына қосылды.

ЖОО құрылымында 7 кафедра: заң пәндері, Қаржы, жалпы білім беру пәндері, Педагогика және психология, қазақ тілі мен әдебиеті, Шет тілдері және мәдениетаралық коммуникация, фармацевтикалық пәндер.

Академияда күндізгі және сырттай оқу түрлері бойынша бакалавриаттың 7 мамандығы бойынша, соның ішінде 2012-2013 оқу жылынан бастап қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша дайындық жүргізіледі.

## ***2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ***

### ***КІРІСПЕ***

«Bolashaq» академиясында арнайы аккредиттеу рәсімі аясында сарапшылар тобының сыртқы сапары 2020 жылдың 13-14 ақпаны аралығында өтті.

Сыртқы аудит ББСКЖТА әзірлеген және академия басшылығымен келісілген бағдарламаға сәйкес өтті. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, Академияның білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы үшін сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне Білім беру ұйымына сапар басталғанға дейін ұсынылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Академия басшылығымен кездесу сарапшылар тобына академияның жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктері мен білім беру бағдарламалары мен жалпы ЖОО-ның даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шаралар академия құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докторанттармен, академия түлектерімен, жұмыс берушілерімен толық танысуға мүмкіндік берді және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларын өзіндік бағалау бойынша есеп мәліметтерінің оқу орнындағы іс жүзіндегі жай-күйіне сәйкестігін тәуелсіз бағалау жүргізуге мүмкіндік берді.

Академияның білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау бойынша есебі арнайы аккредиттеу стандарттарына сәйкес академия мен құрылымдық бөлімшелердің барлық қызмет салалары талданып, күшті және әлсіз жақтары анықталды, одан әрі даму үшін қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер анықталды.

Көзбен шолып қарау Оқу, ғылыми және әдістемелік процестерді, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаны ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ білім алушылармен және қызметкерлермен жұмыс орындарында қарым-қатынас жасау мақсатында өткізілді. Сарапшылар кафедралар, бөлімдер мен орталықтар, ҚОО, кітапхана, медпункт және физика-терапевтік кабинет, ҒЗИ, спорт залы, жазғы спорт алаңы және денсаулық проблемалары бар студенттерге арналған тренажер кабинеттері тексерілді.

Сыртқы аудитті жүргізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттарын зерделеуді және құжат айналымымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен егжей-тегжейлі танысу мақсатында аккредиттелетін бағдарламалар бағыттары бойынша оқу сабақтарына іріктеп аралау жүргізілді.



Академия көп деңгейлі білім беру жүйесі жұмыс істейді: жоғары оқу орнына дейінгі (колледж), жоғары оқу орнына дейінгі (бакалавриат), жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура және докторантура).

Академия халықаралық ұйымдармен және олардың Қазақстандағы өкілдіктерімен ынтымақтасады: DAAD Герман академиялық алмасу қызметі, IAESTE техникалық мамандықтар студенттерінің халықаралық алмасу қауымдастығы, Эрасмус+ Еуропалық Одақ бағдарламасы, Горизонт 2020, "Русский мир" қоры. ЖОО-ның негізгі сипаттамалары.

## **СТАНДАРТ 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

**Дәлелдемелер және талдау:** Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері «Bolashaq» академиясы «Миссиясына» сәйкеседі және бағдарлама ерекшелігін, студенттер тобының сипатын әрі олар алатын білім нәтижесін анықтайды. Яғни орта мектептер, бастауыш және мамандандырылған мектептер, орта техникалық және кәсіби білім беру ұйымдары үшін 6B01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби білім беретін педагогикалық мамандарды даярлауға бағытталған.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы 2003 жылы күндізгі (4,3 жыл) және сырттай қашықтықтан (3,2 жыл) оқыту базасы негізінде құрылып, 030740 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавриаттарды даярлауды бастады. 6B01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша 6B017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағытында лицензия алынды (№KZ62LAA00016157 23.05.2019ж.).

«Bolashaq» академиясында 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» және 7M01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының мақсаттары университет миссиясы, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес іске асырылады.

Түлек шығарушы кафедраның мақсаты филология және әлеуметтік бағыттар бойынша бәсекелестікке қабілетті, білім беру, мәдени ұйымдарда және басқа салаларда кәсіби қызмет етуге дайын мәдени және әлеуметтік салаларда заманауи білім беру стандарттарына сай келетін жоғары кәсіби мамандарды даярлауға бағытталған. Мақсаттарға қол жеткізудің тиімді механизмдері бар және үнемі толықтырулармен өңделіп отырады. Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдделер ескерілген.

7M01701 – Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының миссиясы Университеттің миссиясы мен стратегиялық мақсаттарына сәйкес (қоғам мен еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын бәсекеге қабілетті мамандар даярлау) айқындалған. Білім беру бағдарламасының мақсат-міндеттері анық қойылған. Білім беру бағдарламасын жетілдіру мен түзету жұмыстарында жүйелілік принципі басшылыққа алынатындығын жыл сайын Ұлттық білім және жоғары білімнің Еропалық стандарты аясында жүргізілетін іс-шаралар жоспары айғақтайды. Білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын мониторингтеу, тиімділігін бағалау, қайта қарау әдісі ретінде, университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінде үнемі сауалнама жүргізілетіндігі, оның нәтижелері және кері байланыс түрлері талданып отыратындығы да расталды.

Оқыту бағдарламасы мақсаттарын қалыптастырудағы жүйелілік мына негізге сүйенеді: - нормативті құжаттар, оларға Қазақстан Республикасының «Білім туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен

бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Ішкі және сыртқы бақылаудың нәтижелері ББ-ның мақсатқа жету тиімділігінің көрсеткіштері болып табылады. Сыртқы орта жағдайларының өзгерістеріне сәйкес жаңа мақсат қою және бағдарлама бағытын ұзақ мерзімге түзету мен жетілдіру үшін тиімді және жүйелі нәтижелер қолданылады, бұл нәтижелерге үрдістерді іске асыру негізінде қол жеткізуге болатындығы көрсетілген. Кафедраның даму стратегиясы, мақсат-міндеті, қызметі мәселелері көрсетілген мамандық шығарушы кафедраның 2015-2020 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бар. Білім беру бағдарламасының сапасын арттыру мақсатында студенттер таңдауы, еңбек нарығы сұранысы, жұмыс берушілердің талап-тілектері үнемі ескеріліп, элективті пәндер каталогіне соған орай толықтырулар мен өңдеулер енгізіліп отырылады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін практика базалары, аймақтық жұмыс берушілермен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары, олардың қатысуымен айқындалатын бітірушілердің қорытынды бағалары дәлелдейді. Оқу бағдарламасын талқылау барысында академиялық комитет мүшелерінің ұсыныстары мен өтініштерін ескере отырып 2019-2020 оқу жылына арналған 6B01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының оқу жоспарына төмендегідей пәндер енгізілген: «Әдеби шығармашылық», «Латын графикасына негізделген қазақ жазуы», «Қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті және стилистикасы», «Қазақ мектептерінде тіл мен әдебиетті оқытудың инновациялық тәсілдері», «Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың коммуникативті-танымдық әдісі», «Мәтінмен жұмыс», «Қазақ халқының рухани мұрасы».

ББ бойынша сапаны қамтамасыз ету саясатын жүзеге асыруға сыртқы мүдделі тараптардың, профессор - оқытушылар құрамының және студенттердің қатысуы жолға қойылған. ББ мақсатының тиімділігін бағалау үнемі талқыланып отыратындығы факультет кеңесі және кафедра мәжілісі хаттамаларында көрініс тапқан.

ПОҚ және білім алушылармен сұхбат барысында олардың мамандандырылған аккредитацияның мақсат-міндеттерімен, сонымен қатар университет және кафедра миссиясымен жақсы таныс екендіктері байқалды.

Әкімшілікпен, бөлім басшыларымен, профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен сұхбат барысында байқалғаны, олардың білім беру бағдарламасының мақсаты мен сапамен қамтамасыздандыру саясатын айқындауға қатысатындығы.

Жұмыс берушілермен сұхбат жүргізу және өзін-өзі бағалау есебімен танысу барысында Қазақстан Республикасы және Қарағанды облысының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және өнер, білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принциптеріне сәйкес кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар дайындалып жатқандығы анықталды.

Білім беру бағдарламасының мақсаттары ашық, айқын, білім беру жүйесінің барлық бағыттарын қамтиды. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - аталған стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз ету және

тұтынушылар талаптарын қанағаттандыру. Мақсаттарға қол жеткізудің тиімді механизмдері бар және үнемі толықтырулармен өңделіп отыратындығы да байқалды. Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдделер ескерілген. Білім беру бағдарламасының айқындығы мен дамуы қоғам, экономика, еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес.

Университетте сапамен қамтамасыздандыру саясаты жоспарлы түрде іске асырылатындығы ректор, проректорлармен жүргізілген сұхбат, оқу-жұмыс жоспары мен пәннің оқу бағдарламалары, шығарушы кафедраның хаттамалары мамандарды даярлау сапасына үнемі көңіл бөлінетіндігін және осы бағытта әртүрлі іс-шаралар атқарылатындығын дәлелдейді.

БВ01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. ББ қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді.

Кафедрада жүргізілетін барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастырылған. Студенттер силлабустар мен қазіргі заман талабына сай электрондық дәрістер, презентациялар, белсенді үлестірме материал, аудио және видеоматериалдармен қамтамасыз етілген. Барлық оқу-әдістемелік материалдар мен дәрістердің электрондық нұсқалары, электрондық оқулықтар, тест жинақтары университет кітапханасында жинақталған.

«Bolashaq» академиясында студенттердің мақалалары мен ғылыми жобалары StrikePlagiarism плагиатқа қарсы интернет-жүйесімен жұмыстарды тексеру рәсімі туралы ережеге сәйкес плагиаттың барына немесе жоқтығына тексеруден міндетжүйелі қойылған. Студенттің жұмысын жүйе операторына, яғни кафедра қызметкеріне ұсынуы тиіс. Студент өз жұмысын ұсына отырып, осы Ережеде көрсетілген жұмыстың түпнұсқалығы туралы тиісті өтінішке қол қоюы тиіс. Ғылыми жобалар, мақала, зерттеу жұмыстары, т.б. студенттің өтініші негізінде тексеріледі.

«Bolashaq» академиясының жарғыларына, ішкі тәртіп, қызметкердің ар-намыс кодексі (басшы, оқытушы, қызметкер) және студенттердің ар-намыс кодексі жасалған. Академияда студенттер үйінде тұратындар белгілі ережеге бағынады, сонымен қатар білім беру жүйесіндегі келісім шарттағы жағдайлардың орындалуы академияның пәндік кеңесі әкімшілігінің қатысуымен жұмыс істейді.

ЖОО саясаттану бағытында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды сапалы оқу жүйесінде қарастырылатын сұрақтар мен мақсаттары кафедра қызметкерлерінің арасында, оқу кеңесінде «Bolashaq» академиясының тәртіптік кеңесте жалпы белгіленген жоспарының орындалуында талқыланған. Оқу және әкімшілік корпустарында, сонымен қатар академия

жатаханасында аптасына 2 рет хат алысуға болатын «Сенім хат» жәшіктері, академия корпусында мемлекеттік және орыс тілінде ақпараттар, ЖОО әкімшілігімен тікелей сұхбаттасу үшін «Ректор блогы» <http://kubolashak.kz/kk/rektordy-blogy/>, одан басқа сайтта «Жемқорлыққа жол жоқ» <http://kubolashak.kz/kk/category/t-rbie/zhem-orly-a-zhol-zho/> бөлімі, студенттер мен ата-аналарға арналған «Сенім телефоны» жүйелі жұмыс атқарады. Және де Жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар «Лимонад» журналында <http://kubolashak.kz/kk/ba/> шығарылады. Белгіленген мерзімдерде студенттер ректормен және ЖОО әкімшілігімен кездесулер өткізіп отырады.

**Оң тәжірибе:** ББ-ны іске асырудағы кафедра дамуының басым бағыттары – кәсіби және білім беру ресурстарын интеграциялау, педагогикалық әлеуетті арттыру, білімнің және инновациялық-өндірістік қызметтің тиімді байланысын қалыптастыру. ББ мақсаттары, сонымен қатар, оның кәсіби бәсекелестік пен мамандыққа деген сұранысқа байланысты сыртқы ортаның өзгермелі талаптарына негізделеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы 2003 жылы күндізгі (4,3 жыл) және сырттай қашықтықтан (3,2 жыл) оқыту базасы негізінде құрылып, 030740 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавриаттарды даярлауды бастады. 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағытында лицензия алынды (№KZ62LAA00016157 23.05.2019ж.)

Талапкерлерді «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау және білім беру үдерісі олардың өз қаражаттары есебінен және грант негізінде жүзеге асырылады. Бітірушілер «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі және де заманауи талапқа сай қазақ тілінде білім беретін мекемелердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалімі, ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер, әдеби, мәдени мекемелер және баспа орындары қызметкері, мемлекеттік органдарда, түрлі кәсіпорын, өндіріс орындарының іс қағаздары мен құжаттау бөлімдерінде іс-қағаздарын жүргізуші, әдеби кеңесші, аудармашы қызметтерін атқара алады. 6B01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын дайындаушы кафедраның оқу, әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмыстары барысы, жоспарланған және орындалған іс-шаралар академия мен кафедра миссиясына сәйкес 12 жылдық мектепке арналған қазақ тілі мен әдебиетінің жаңа тұрпатты мұғалімін дайындауға бағытталған. Мысалы, тек соңғы жылдардың өзінде бірнеше облыстық, республикалық тәжірибелік-әдістемелік семинарлар мен конференциялар ұйымдастырылып, өткізілген (17 қыркүйек 2019 ж. «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру: мәселелері мен перспективалары», 8 қазан 2019 ж. «Қазақ тілін оқыту әдістемесін модернизациялау ізденістері»).

Сондай-ақ, кафедра доценті, п.ғ.м., республикалық мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау тренері Р.Н. Исмаилованың

бастамасымен Қарағанды облысы және Қарағанды қаласы білім мекемелерінің педагогтарымен желілік байланыс құрылған.

Білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті бағдарламаны жүзеге асыру үдерістерін толығымен қамтиды және бағдарламаның ұзақ уақыт бойғы жетістігі мен тұрақтылығына қол жеткізуіне бағытталған. Мәселен, білім беру бағдарламасы қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін практика базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары дәлелдейді.

Оқу бағдарламасын талқылау барысында академиялық комитет мүшелерінің ұсыныстары мен өтініштерін ескере отырып 2019-2020 оқу жылына арналған 6В01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының оқу жоспарына төмендегідей пәндер енгізілді: «Әдеби шығармашылық», «Латын графикасына негізделген қазақ жазуы», «Қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті және стилистикасы», «Сөздікпен жұмыс», «Қазақ мектептерінде тіл мен әдебиетті оқытудың инновациялық тәсілдері», «Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың коммуникативті-танымдық әдісі», «Мәтінмен жұмыс», «Қазақ халқының рухани мұрасы».

Өзірленген ББ өзгерістер арқылы студенттер контингентін көбейту, басқа ЖОО білім алушыларды тарту, бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тиімді жолдарының бірі.

Кафедра тарапынан білім беру бағдарламасын жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аударуға айрықша көңіл бөлінеді. Бұл тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы білім бағдарламасын тәжірибелі, білікті, ғылыми дәрежелері бар кадрлармен жасақталған. Студенттердің ПОҚ ұсынған пәндерді ғылыми-шығармашылық бейімділігіне, қызығушылық бағыттарына қарай еркін тандауларына толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар оқитын пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін және анықтамалық сипаттағы т.б. материалдарды, іс-тәжірибеден өту барысында жасалатын жұмыс жөніндегі нұсқаулық материалдарды, сондай-ақ электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, өз беттерінше ізденуге, оқытушылардың ғылыми әрі педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалануға толыққанды жағдай жасалған. Оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар және оқытушылардың әдістемелік ұсынымдары жарық көрген. 2016-2017 оқу жылында (ФГБОУ ВПО) Башқұрт мемлекеттік университетімен бірлесіп қазақ-башқұрт филологиясы аясында «Болашақ-Баспа» РББ баспасынан ұжымдық монография шықты.

**Білім беру бағдарламасының бірінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік**

## **СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ**

**Дәлелдемелер және талдау:** Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту, іске асыру, ақпаратты басқару және тиімділігін бағалау білім беру бағдарламасын басқарудың біртұтас үдерісі ретінде жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымы 2018 жылғы 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС-ке сәйкес әзірленген 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелеріне сәйкес, 2017 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы бұйрығымен бекітілген «Педагог» Кәсіби стандартымен сәйкес әзірленеді және үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрастырылып, жүзеге асырылады. 6B01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының құрылымы келесі кезеңдер бойынша сатылай талқыланып, бекітілген: кафедра мәжілісі – факультеттің оқу-әдістемелік кеңесі – университеттің Ғылыми кеңесі.

МББ - ның құрылымы: 6B01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының; сипаттамасы; Оқу модулінің картасы; Құзыреттіліктер картасы; Оқу модулін қалыптастыратын пәндердің кәсіби құзыреттіліктер; матрицасы түрінде қарастырылған.

ББ меңгеру мерзімі «Жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беруді ұйымдастыру қызметінің типтік Ережесі негізінде (ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 Қаулысы), (ҚР Үкіметінің 2013 жылдың 17 мамырындағы №499 қаулысы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 қазандағы №592 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 5 қосымшасының 53 тармағына сәйкес университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен күндізгі бөлім бойынша—4 жылдық толық және қысқартылған күндізгі бөлім, 3 жылдық арнайы орта білім базасы, 2 жылдық жоғары білім базасы бойынша білім алады.

«6B01701–Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз етуге университет ректораты, деканат, кафедра және жұмыс беруші мекемелер қатысады. Модульді білім беру бағдарламалары, оқу үдерісін ұйымдастыру мәселелері аталған деңгейлерде қарастырылып, бекітіледі. ББ-ны жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аударуға айрықша көңіл бөлінгендігіне ББ-ның құжаттармен танысқанымызда және сұхбат кезінде көз жеткіздік.

«6B01701– Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында жүргізілетін пәндер тізімі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына

сәйкес білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклінің көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасындағы пәндердің көлемінен кемінде 23%-дан аспайды немесе 56 академиялық кредитті құрайды. Олардың 51 академиялық кредиті міндетті компонент пәндеріне тиесілі: ЖБП циклінің ЖК кемінде 5 академиялық кредитті құрайды. БП цикліндегі оқу пәндерін оқыту және кәсіби практиканың өту көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 47%-ын немесе кемінде 112 академиялық кредитті құрайды. БП циклінің көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 47%-ды немесе кемінде 112 академиялық кредитті құрайды. БП цикліне жалпы көлемде БП циклінің көлемінің 30%-нан аспайтын барлық практика түрлері (кәсіптік практика, оқу практикасы және тағы басқа) кіреді. Бейіндеуші пәндер циклі көлемі оқу бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 25%-ды немесе кемінде 60 академиялық кредитті құрайтын оқу пәндерінен және кәсіби практика түрлерінен тұрады. Пәндерді оқытудың логикалық жүйелілігі пәндердің типтік, оқу-жұмыс бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесімен анықталған. Студенттің оқу жұмысы әр оқу жылының семестрлеріне теңдей бөлінген. Оқу жоспарының міндетті компоненттері бойынша білім беру бағдарламасы мазмұны ҚР МЖМБС талабына сәйкес. Оқу-жұмыс жоспарының мазмұны мен құрылымы типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогына сәйкес. Таңдау компоненттері жұмыс берушілер ұсыныстары негізінде енгізілген. Мамандықтың (МОӘК) және пәндердің (ПОӘК) оқу-әдістемелік кешендері толық және білім алушыларға қолжетімді. Қазақстандық еңбек нарығындағы талаптарға сай модульдік білім беру бағдарламасы Дублин дескрипторында белгіленген оқытудың бес басты нәтижесіне: білім мен түсінуге, білімді қолдану мен түсініп қолдануға, талқылауды қалыптастыруға, коммуникативтілік қабілеттерді жетілдіруге, білім алу қабілетін арттыру мен жаңашылдыққа негізделіп жасалған. Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы негізгі көрсеткіштер болып саналатын пәннің және мамандықтың оқу-әдістемелік кешендері, жоспардың модульдік құрылымы, элективті пәндер каталогы, ұсынылатын білім беру траекториялары, ОПК құрамы, материалдық техникалық база, кітапханалық-ақпараттық мәліметтердің жаңғыртылуы бойынша ақпараттар жинау және мониторинг жүйесі қалыптасқан. Оқу жоспары мен қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды, оларды жетілдіру үшін кері байланысты қамтамасыз ететін білім беру бағдарламасын сараптау және сапасын бағалаудың ішкі үзіліссіз, тиімді механизмі бойынша білім беру бағдарламасын («6В01701- Қазақ тілі және әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі және әдебиеті») сараптау және бағалау мониторингісі, динамикасы үнемі іске асырылады. Білім беру бағдарламасында («6В01701- Қазақ тілі және әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі және әдебиеті») студенттердің тұлғалық дамуына ықпал ететін, арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыратын, шығармашылық қабілетін дамытатын компоненттер жеткілікті. Білім беру бағдарламасы мақсаттарын бағалау



және таңдау пәндерін толықтыру үшін ПОҚ, қызметкерлер мен білімгерлер, жұмыс берушілер мен басқа мүдделі тұлғалар арасында сауалнамалар жүргізу арқылы білім беру сапасы жандандырылып отырады. Бағдарламаның стратегиялық мақсатын жүзеге асыру барысында бакалавриаттың қысқартылған бағдарламасы негізінде қашықтықтан оқыту технологиясы енгізілген. Студенттердің білім беру бағдарламасына, оның білім беру траекторияларына; ПОҚ-тың, қызметкерлердің жұмыс жағдайларымен, қолда бар ресурстармен, т.б. қанағаттануы жайлы сауалнамалар жүргізіліп, осы мәселелер талқылануы, нәтижесі шығарылуы, сол арқылы білім сапасын жақсарту шаралары өткізілетіндігі сыртқы аудит кезінде байқалды. Модульдік білім беру бағдарламаларын бекітетін комиссия құрамына жұмыс берушілердің қатысатындығы жөнінде растама құжаттар тіркелген. Білім беру сапасына тұтынушылардың қанағаттануы білім беру қызметі сапасын бағалаудың негізгі критерийі болып табылады. Тұтынушы тараптардың (жұмыс берушілердің) мамандар сапасы туралы көзқарасын анықтау үшін олардың арасында «Жұмыс берушінің түлектердің дайындық сапасына қанағаттануы» сауалнамасы жүргізіліп тұрады. Бітіруші түлектің кәсіби деңгейін сараптау мақсатында жүргізілген сауалнамалардағы жұмыс берушінің «олқы тұстары» деп атап көрсеткен тұстары түзетіліп, білім беру бағдарламасын жетілдіру мақсатына қолданылған. Олардың ұсынысымен жаңа пәндер енгізілген. Сауалнамада түлектердің практикалық дағдыларын күшейту, олардың заманауи компьютерлік бағдарламаларды игеруі, шетел тілін неғұрлым жетік меңгеруіне мүмкіндік жасау және т.б. ұсыныстар жасалынды. Осы ұсыныстардың негізінде студенттерің практикалық дағдыларын күшейту мақсатында дуальді білім беру бағдарламасы іске асырылуда. «6M011700 – Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығында таңдау компонентіндегі модульдер саны талапқа сай, яғни жеткілікті көлемде. Модульдердегі пәндер еңбек нарығы сұраныстарына толығымен жауап береді және инновациялық бағыт ұстанған. Жұмыс беруші тараптардың ұсыныстарын негізге ала отырып, оқу жоспарына нарықтық еңбекке, сондай-ақ заманауи бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда төмендегідей пәндер: «Ғылыми аударманың негіздері», «Түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы зерттеу», «Қазақ лингвистикасындағы жаңа бағыттар», «XX-XXI ғ.ғ. межесіндегі қазақ әдебиеті» енгізілген. Білім беру бағдарламасының сапасын арттыру мақсатында студенттер таңдауы, еңбек нарығы сұранысы, жұмыс берушілердің талап-тілектері ескеріліп, 6B01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының оқу жоспарына төмендегідей пәндер енгізілген: «Әдеби шығармашылық», «Латын графикасына негізделген қазақ жазуы», «Қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті және стилистикасы», «Қазақ мектептерінде тіл мен әдебиетті оқытудың инновациялық тәсілдері», «Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың коммуникативті-танымдық әдісі», «Мәтінмен жұмыс», «Қазақ халқының рухани мұрасы» таңдау курстары оқу жоспарына енгізілді. Еңбек нарығы, білім беру бағдарламалары талаптарының өзгеруіне сәйкес бағалау және жетілдіру кезеңінде, кері байланыс негізінде білім беру бағдарламасының басқару кестесіне сәйкес алдағы оқу жылына

толықтырулар және түзетулер енгізіледі. Барлық толықтырулар мен өзгертулерді мамандықты шығарушы кафедра дайындайды, факультет Кеңесі мәжілісінде талқылағаннан кейін, университеттің Ғылыми Кеңесінде қарауға ұсынады. Студенттер контингенті тұрақты түрде кәсіби бағдар жұмысы атқарылатындығын көрсетіп отыр.

**Оң тәжірибе:** 6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің контингенті туралы арнайы электронды база жасалған (Қосымша 4), үлгерім деңгейлері жайлы ақпарат академияның құрылымдық бөлімінде (ТБ) жинақталған. Оқу ресурстары студенттер үшін қолжетімді. ББ бітірген түлектердің жұмысқа орналасуы жайлы ақпарат жүйеленіп отырады. 6В01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша соңғы 5 жылда түлектердің қызметке орналасуы 80% құрайды (7 кесте). Бұл мәлімет 6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры біліктілігіне жұмыс беруші қоятын талаптарға білім бағдарламасы сәйкестігін куә етеді. Оқу орны ақпараттарды жүйелі жинақтау, талдау және басқару негізінде студенттердің, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен бағдарламаларға тұрақты бағалау мен қайта қарауды жүргізіліп отырылады, нәтижесінде бағдарламалар олардың өзектілігін қамтамасыз ету үшін бейімделеді (Қосымша 9). Қайта қаралған бағдарламалардың бөлімдері жарияланады. ЖОО-да жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары мен қосымша кәсіби білім беру бойынша оқуды жалғастыру мүмкіндігінің бар екендігін көрсетеді. ЖОО кейінгі білім беру ББ бойынша оқуды жалғастыру үшін Академияда барлық жағдай жасалған. «Bolashaq» академиясы екі деңгейлік жүйе бойынша мамандарды даярлауды жүзеге асырады: бакалавриат-магистратура. Аталған ББ жүзеге асыруда Академияның кадрлары жеткілікті және ғылыми материалдық-техникалық әлеует жоғары. Осылайша, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат деңгейінде басталатын және магистратурада оқытумен аяқталатын кадрларды даярлаудың бірізді жүйесі жүйелі жолға қойылған. Магистратурада негізгі бағдар бакалавриатта қалыптастырылған кәсіби құзыреттіліктерді тереңдету мен кеңейтуге жасалған. Магистратура да оқыту және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыруға қабілетті ғылыми кадрларды даярлайды.

**Білім беру бағдарламасының екінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.**

### **СТАНДАРТ 3. СТУДЕНТКЕ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

**Дәлелдемелер және талдау:** Оқытуға деген жаңаша көзқарас студент тұлғасын алдыңғы қатарға қояды. Сондықтан бағдарламаның жүзеге асырылуы олардың мүдделеріне негізделген. Оқыту үдерісі оқытушы мен студент арасындағы сыйластық пен ынтымаққа, бірлескен қызметке құрылған.

Білім беру ортасы студенттің тұлғалық, еркіндікке ұмтылу, дара тұлғалық пен кәсіби өсуге, өз бетінше жұмыс жасауға дағдылануға ұмтылуы, өзін сыйлауы сияқты сапалық қасиеттерін қалыптастырып, дамытуға жұмыс жасайды. Студенттердің академиялық мансабын ілгерілету мақсатында олармен бірінші курстан бастап білім беру бағдарламасы аясында төртінші курсты тәмамдағанға дейін жүйелі жұмыс жүргізіледі.

Білім алушы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда басты қатысушы болып табылатындығы, сондықтан оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз етуде ең алдымен олардың қызығушылықтары ескерілетіндігі және оқыту білім алушыға орталықтандырылғандығы, бағдарламаларды жүзеге асырудағы оқыту әдістері білім алушылары оқу үдерісінде белсендіретіндігі жақсы жолға қойылған. Білім алушылармен сұхбат барысында олардың эдвайзердің көмегімен мамандықтың типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде өзінің білім алу траекториясын анықтап, жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құратындықтары айқындалды. Ақпараттық жүйедегі силлабустардың электрондық нұсқасынан студент пәннің пререквизиті мен постреквизитін көре алады, бұл білім алу траекториясын дұрыс құруға негіз болады және пәнді жүргізетін оқытушыны таңдай алады.

Студентке оқытудың кредиттік технологиясы жайлы практикалық ақпарат беретін ақпараттық - анықтамалықтың электрондық нұсқасы университет сайтында, сонымен қатар, оқу үдерісін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйедегі әр студенттің жеке парағында берілген. Университетте студенттердің өзіндік ізденістер үшін барлық қажетті жағдайлар жасалынған екен, атап айтсақ: оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми әдебиетер және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілген ғылыми кітапхана; отандық және шетелдік базалары бар электронды кітапхана; тегін Интернет жүйесі; спорт залы; республика көлемінде өткізілетін спорттық және пәндік олимпиадаларға қатысу мүмкіндігі; студенттердің өзін-өзі басқару органдарына қатысуына мүмкіндік; ғылыми мақалаларын жариялау мүмкіндігі; университет ұйымдастырған студенттер мен магистранттардың ғылыми байқауларына қатысу мүмкіндігі; университет жанынан құрылған спорттық секциялар мен шығармашылық клубтар жұмыстарына қатысу мүмкіндігі. Университетте ағымдық үлгерім, университет бітірушілердің білім сапасы, оқу пәндерінің өткізілу сапасы және де білім алушылар мен жұмыс берушілердің білікті маман даярлауда берілген білімге қанағаттануына қатысты мониторинг жасау дәстүрге айналған. Даярланған

мамандардың кәсіби қызметінің сапасына қарай білім беру ұйымы мен жұмысберушінің арасында талдау жұмыстары жүргізіліп отырады. Мәселен, «Студенттердің білім беру үдерісіне қанағаттануы», «Студенттер мен түлектердің оқу бағдарламасын жүзеге асыру сапасына қанағаттануы», «Емтихан сессиясының ұйымдастырылуы» және т.б. сауалнамалар нәтижелері осындай шаралардың іске асырылатындығын көрсетеді. Студенттердің ПОҚ ұсынған пәндерді ғылыми-шығармашылық бейімділігіне, қызығушылық бағыттарына қарай еркін таңдауларына толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар оқитын пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін және анықтамалық сипаттағы т.б. материалдарды, іс-тәжірибеден өту барысында жасалатын жұмыс жөніндегі нұсқаулық материалдарды, сондай-ақ электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, өз беттерінше ізденуге, СОӨЖ уақытында оқытушылармен еркін пікір алмасуға, яғни оқытушылардың ғылыми әрі педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалануға толыққанды жағдай жасалған. Ағымдық бақылау нәтижесінде студент емтиханға жіберу рейтингісін анықтайтын балл жинайды. Бұл екі аптада бір рет жүргізіліп, оған баға қойылып отырады. Межелік бақылау 8 және 15 апталарда жүзеге асырылады. Бақылау қорытындылары электронды журналға қойылады, бұл игерілген білімді бақылаудың ашықтығын қамтамасыз етеді. Емтихан бағасы мен межелік бақылау нәтижесі біріктіріліп, қорытынды баға қойылады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен дамытудың негізгі мақсаты жоғары кәсіби білімі бар мамандардың ғылыми дайындық деңгейін көтеру, ЖОО-ның, еліміздегі басқа да мекемелері мен ұйымдарының педагогикалық және ғылыми кадрларын толықтыру үшін ғылыми-техникалық үдерістің, экономикалық ойлар мен мәдени дамудың жаңаша жетістіктерінің негізінде талантты жастарды анықтау болып табылады. Осы бағытта мамандықта оң істер іске асырылған. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру қажетті деңгейде орындалу үстінде. Зерттеу жұмысының қортындысы дөңгелек үстел, конференция, ғылыми семинарларда баяндалып, басылымдарда жарияланып отырған. Кәсіби іс-тәжірибе жоғары білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының бағдарламасындағы іс-тәжірибенің оқу, педагогикалық және диплом алды іс-тәжірибе түрлерінің мерзімі мен мазмұны мамандықтың оқу-жұмыс бағдарламасы және іс-тәжірибе бағдарламасы негізінде анықталады. Іс-тәжірибенің барлық түрлері кредит өлшемімен бағаланады. 5B011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын студенттердің іс-тәжірибелерін ұйымдастыру және өткізу деңгейі мен сапасы маман даярлаудың мақсаты мен талаптарына сай жүргізіледі. Іс-тәжірибе базаларымен педагогикалық-іскерлік жақсы қарым-қатынас орнатылған. Студенттің жеке білім беру траекториясын анықтайтын оқу жоспары әрбір оқу жылына мамандықтың типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде құрастырылған. Модуль бойынша кредиттерді бөлуде білім алушының еңбек сыйымдылығы ескерілген. Еңбек сыйымдылығын есептеу үшін мониторингтер жүргізіліп, оның нәтижесі

талқыланғандығы айқындалды. Студенттердің ағымдық білім сапасын қадағалайтын ішкі мониторинг жүйесі бар. Нәтижесі кафедра отырыстарында талқыланып, кемшіліктерді жою бағытында жұмыстар жүргізіліп отырған. Университетте аралық, ағымдық, қорытынды бақылау бағалары автоматтандырылған ақпараттық жүйе Интранет Web-сайтына ендірілген, студенттердің ата-аналары үлгерім нәтижелерімен хабардар болып отырады.

Университетте пәнді оқыту сапасын жіті қадағалау мақсатында магистранттар арасында бағдарламаның оқу талаптарына, оқыту сапасына, білім беру нәтижесіне баға беретін және т.б. мәселелерді қамтыған сауалнамалар жүргізіліп отырады. Сауалнама нәтижесіне талдау жасау, қорытынды шығару, кемшіліктерді жою жолдары қарастырылады.

Университет студенттерге оқу бағдарламасын игеруге ықпалдасады, бұл үшін студенттерге барлық қажетті жағдайлар мен қызметтер жасалғандығы, оқу бағдарламасын бақылаудың жүйесі қалыптасқандығы, студенттік өзін-өзі басқарудың жүйесінің жұмыс істейтіндігі, білім беру қызметтерінің сапасы жүйелі түрде қабылданған шарттардың негізінде бағаланып, бағалау нәтижелеріне жүйелі түрде талдау жасалып отыратындығы және оның сапасын жақсарту мақсатында іс-шаралар өткізілетіндігі де атап өтер жайт. Нәтижелерге кешенді бағалау жүргізу арқылы студенттердің жаңа заманға сай білікті маман ретінде қалыптасқандығын көруге болады. Бұған білім беру бағдарламасын игеріп шыққан студенттердің қорытынды емтихандарды тапсыру сапасы мен алған бағаларының көрсеткіштерінің өсу динамикасы дәлел болады. Университетте мониторинг рәсімін жасау әдістемесі, өлшем құралдары, білімді бағалау шкаласы мен ішкі нормативтері сәйкестендіріліп жасалған ағымдық үлгерім, оқу пәндерінің өткізілу сапасы және де білім алушылар мен жұмыс берушілердің білікті маман даярлауда берілген білімге қанағаттануына қатысты мониторинг өткізіліп отыратындығы бөлім басшыларымен сұхбаттасу кезінде анықталды. Студенттердің бос уақытын толыққанды ұйымдастыру үшін шығармашылық орталар мен клубтар қызмет атқарады. Білімгерлердің ғылыми, шығармашылық, спорттық жетістіктері тіркеліп, бағаланады. Университетте студенттердің қабілеттерін дамытуға, олардың әлеуетін жүзеге асыруға, сондай-ақ қызығушылықтарына қарай студенттік клубтар мен шығармашылық бірлестіктерді дамыту үшін мүмкіндіктер жасақталған. Мамандық студенттері «Жас тілші» және «Жас қаламгер» атты ғылыми үйірмелер жұмыс жасап келеді Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын қолдау мақсатында «Жас ғалым» сайты жұмыс істейді. XIV Студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының еңбек маусымының аясындағы «Газалық кубогы: студенттер лигасы» командасына «Қасымтану» шығармашылық клубы, «Жайдарман», «Пікірсайыс» сынды студенттік клуб мүшелері бола отырып, осы саладағы мәселелерге қатысты шешімдердің қабылдануына ат салысатындығы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын Сәкенова А. мен Мағrupжан Б. «Үздік студент» атанғандығымен дәлелді. Мамандық студенттері 2017-2018

оқу жылында «Қарағанды облысы жастар ресурстық орталығы» КММ «ULAGAT» шығармашыл жастар клубының ұйымдастыруымен студент жастардың арасында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу-2018» сайысында, I дәрежелі дипломға ие болған)бағдарламасында өнер көрсеткендері анықталды. Студенттің өзін-өзі басқару жұмысының тиімділігі әрбір сессиядан кейін студенттер арасында тәуелсіз сауалнама жүргізу арқылы іске асады, студенттік «Сенім почтасы және телефоны» жұмыс істейді. Ректормен тікелей байланыс жасау үшін университет сайтында ректор блогы бар. Білім беру бағдарламасы студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып, зерттеу әдістерімен танысуға мүмкіндік береді. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру университеттің академиялық саясатындағы сәйкес орындалады. Студенттің білім алу траекториясы студенттен 2-курстан бастап ғылыми-зерттеу жұмысының дайындығын қажет етеді. Әрбір студентке ғылыми жетекші тағайындалады, оның міндетіне мақалалар мен дипломдық жұмыс жазуға әдістемелік көмек көрсету кіреді. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға қатысуға, ғылыми баяндамалар дайындауға, ғылыми үйірмелерде жұмыс істеуге, мақалаларды ғылыми жетекшісімен бірлесе шығару мүмкіндігі мол. Студенттер жыл сайын университетте және басқа ЖОО-да өтетін ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысады. Студенттердің 30%-дан астамы осы конференциялар жинағында мақала жариялайды. Университеттің құрылымдық бөлімшелері студенттерге білім беру бағдарламасын меңгеруде қажетті жағдайды жасап отыр. Студенттерге қолдау көрсету қызметі ұйымдастырылған. Университет сайтында онлайн режимде «Тамақтану орындары туралы сауалнама», «1-курс студенттерінің сауалнамасы», «Жастардың діни көзқарасы», «ҚРқоғамдық-саясижағдай», студенттердің жеке электронды журналы арқылы алынатын «Оқытушы студент көзімен» сияқты және т.б. сауалнамалар нәтижелері қолданылады. Студенттердің жан – жақты дамуына мүмкіндіктердің молдығы (өткізілетін іс – шаралар, әр түрлі жарыстар, олимпиадалар, конкурстар). Білім бағдарламасының жүзеге асырылуы студенттердің мүдделеріне бағытталған. Оқыту үдерісі оқытушы мен студент арасындағы сыйластық пен ынтымаққа, бірлескен қызметке құрылған. Білім беру ортасы студенттің тұлғалық, еркіндікке ұмтылу, дара тұлғалық пен кәсіби өсуге, өз бетінше жұмыс жасауға дағдылануға ұмтылуы сияқты сапалық қасиеттерін қалыптастырып, дамытуға жұмыс жасайды. Студенттерді кәсіби мамандыққа баулу, іс-тәжірибені өткізу мақсатымен келісім-шарт жасалынған. Іс-тәжірибе жетекшілігіне тәжірибелі, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар тағайындалған. Кәсіби іс-тәжірибе жоғары білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының бағдарламасындағы іс-тәжірибенің оқу, педагогикалық және диплом алды іс-тәжірибе түрлерінің мерзімі мен мазмұны мамандықтың оқу-жұмыс бағдарламасы және іс-тәжірибе бағдарламасы негізінде анықталады. Іс-тәжірибенің барлық түрлері кредит өлшемімен бағаланады. 6B01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті», 7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығында оқитын студенттердің іс-

тәжірибелерін ұйымдастыру және өткізу деңгейі мен сапасы маман даярлаудың мақсаты мен талаптарына сай жүргізіледі. Мамандық бойынша іс-тәжірибе базалары мен әдістемелік нұсқаулар әзірленген. Университеттің құрылымдық бөлімшелері студенттерге білім беру бағдарламасын меңгеруде қажетті жағдайды жасап отыр. Студенттерге қолдау көрсету қызметі ұйымдастырылған. Студенттердің орындаған өздік жұмыстары мен ағымдағы тапсырмаларды бағалау критерийлері пән силлабусында таратылып, анық жазылған. Эдвайзерлер әр сессияны соңында мәліметтер базасына түсіріп отырады. Ол арнайы мониторингтеу мен ақпаратты басқару жүйесінің электронды базасына енгізіліп (ИКС), университет сайтында <http://kubolashak.kz/kafedry/qazaq-tili-men-adebieti-kafedrasyy/> жарияланады. Білім беру қызметінің сапасына студенттердің қанағаттану нәтижесі төмендегідей: Сұраныс көрсеткіштері бойынша ЖОО-дағы осы мамандық білім алушыларының 100%-ы білім беру сапасына қанағаттанатыны (оның 85%-ы толық қанағаттанады, ал 15%-жартылай қанағаттанады). Білім берудегі өзекті мәселенің бірі ретінде аудиториялардың материалдық-техникалық жабдықталуы мен оқу дәрісханалары жағдайының төмендігі (65% және 35 % соған сәйкес) аталған.

Мамандықты даярлаушы ПОҚ-тың жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға толықтай мүмкіндік береді. Студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарымен тұрақты айналысып отырады. Студенттің даралығы, еркіндікке ұмтылысы, тұлғалық және кәсіби өсуі, дербестігі, өзін-өзі құрметтеуі сияқты мінездемелерін оқу үдерісінде есепке алынады. Сол себепті түрлі республикалық байқаулардан 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы студенттері орын алады. 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша студенттер ғылыми жұмысқа баулу мақсатында тұрақты түрде «Жас тілші» және «Жас қаламгер» атты ғылыми үйірмелер жұмыс жасап келеді. Осы үйірмелер аясында «Тұмар» атты поэзиялық туындылар жинағы жарық көрген. Ғылыми үйірмелер мақсаты студенттерді тіл біліміндегі қазіргі заман талабына сай жаңалықтармен таныстыру, ғылымға баулу және мақалалар жазуға машықтандыру. Сонымен қатар, дарынды студенттермен жұмыс істеу арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін ұштау, бағыт-бағдар беру, жеке шығармашылық нәтижелерінің жарық көруіне ықпал жасау болып табылады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайын сайысы өткізіледі. Сайыс әрбір «Bolashaq» академиясы студенттерінің құқықтық, қаржылық-экономикалық, гуманитарлық және ақпараттық технологиялардың өзекті мәселелерінің басым бағыттарында тәуелсіз зерттеу жұмыстарын ұсынады. Үздік студенттердің жұмыстары халықаралық конференциялар мен байқауларға жіберіледі. Студенттерге қолжетімді оқу қорлары (кітапхана, компьютерлер және т.б.) тұтынушылардың мүддесіне толық сай келетініне көз жеткізілді. 1 және 2 оқу ғимараттарының компьютерлік сыныптары, электронды оқу залдары, кітап қорларының

жеткілікті екені анық болды. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттерін ғылыми-шығармашылық жұмысқа баулу ерекше қолға алынған.

Кафедрада «Жас тілші» және «Жас қаламгер» атты әдеби-шығармашылық үйірмесі жұмыс жасайды. Студенттер өзінің ғылыми жобаларымен республикалық конкурстарға қатысқан. Әрбір ПОӘК құрамындағы силлабустарда курс саясаты көрсетілген. Студенттердің жолсерігінде білім бағдарламасы ережесі, ішкі тәртіп ережесі, оқу үдерісін ұйымдастырудың нормативті құжаттарына сілтеме жасалған. Мамандық студенттерінің білім сапасын басқару «ҚР Білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы білімді бақылау. Негізгі ережелер» негізінде жүргізіледі. Мамандық студенттерінің білім сапасы аралық бақылау негізінде ауызша, жазбаша және тесттік емтихандар арқылы бағаланады. Білім алушыларды даярлау сапасын басқару мен білім беру бағдарламаларының сапасына баға беру және оқу-әдістемелік жұмысын басқару жүйелі түрде екі деңгейде: кафедра, академия көлемінде жолға қойылған. Міндетті пәндерді оқыту типтік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Таңдау компоненті бойынша жүргізілетін пәндерден оқу бағдарламалары талаптарға сәйкес әзірленіп, академияның ғылыми-әдістемелік кеңесінде бекітілген. Барлық пәндерден силлабустар мен оқу-әдістемелік кешендер дайындалып, кафедра мәжілісінің №1 хаттамасымен бекітілген. Даярланған силлабус, оқу-әдістемелік кешендердің мазмұны білім беру бағдарламаларына сәйкестендірілген. Оқытудың кредиттік жүйесін сапалы енгізуде нормативті-әдістемелік құжаттар басшылыққа алынып, лекторлар мен эдвайзерлер қызметі сапасы мәселесі кафедраның мәжілісінде қаралып, академиялық кеңес беру жадынамасы басшылыққа алынған. Мамандық студенттерінің білім сапасы аралық бақылау негізінде ауызша (20%), тесттік (компьютерлік немесе матрицалық) емтихандар (50%) және жазбаша, эссе, реферат жазу (30%) арқылы бағаланады. Емтихан сессиясы оқу үрдісінің кестесінде белгіленген мерзімде өткізіледі.

**Оң тәжірибе:** Студенттердің жеке шығармашылық ізденістері кафедра жанынан жұмыс істейтін «Жас тілші» және «Жас қаламгер» үйірмелері ықпалымен ұшталып отырды. Іздену барысында дайындалған өлеңдері мен танымдық әрі ақпараттық мақалалары академия жанынан жарық көретін «Тіл және рух», «Лимонад» және дауылпаз ақын Қасым Аманжолов атындағы [qasym.kz](http://qasym.kz) порталына жарияланды. Бұл орайда студенттер бірқатар жетістікке қол жеткізді, жұмыс нәтижелерін растайтын айғақтар кафедра құжаттарында сақтаулы.

**Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.**



## **СТАНДАРТ 4. СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ**

**Дәлелдемелер және талдау:** Еңбек нарығындағы тұтынушылардың сұранысына сәйкес кафедра білім беру нәтижелілігіне баға бере отырып, тұтынушылардың қажетін өтеуде жетістіктерге қол жеткізу үшін білім беруді жетілдірудің жаңа жолдарын енгізу бағытында жұмыс жасаған.

Талапкерлерді конкурс негізінде іріктеу талаптарының деңгейі, түлектердің білім беру стандарты талаптарын орындау дәрежесі, түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуы, жұмыс берушілердің пікірлері Білім беру бағдарламасының нәтижелілігін көрсетеді.

Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштерін бағалайтын түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын дәлелдейтін құжаттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары кафедрада жинақталған.

Мамандардың дайындық сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен қарым – қатынас орныққан, жұмыс берушілер білім бағдарламасын құрастыру үдерісіне қатысып, өз ұсыныстарын жасайды, бұл жұмыс берушілермен сұхбат кезінде және қажетті құжаттар негізінде анықталды.

Кәсіби бағдар жұмысының түрлері, халықты университеттің академиялық мүмкіндіктері туралы хабардар етуі, әлеуметтік қолдау механизмдері, атап айтқанда оқу ақысын төлеудегі жеңілдіктер, жатақханаға орналасудағы қолжетімді тарифтер, магистранттарға арналған тұрмыстық кешен қызметтерін ұсынуы магистранттардың контингентін қалыптастыру саясаты жолға қойылғандығын көрсетіп отыр. Жұмыс берушілер тарапынан берілген оң мінездемелер бітірушілердің дайындық сапасына қанағаттанғандығын білдіреді .

Кері байланыстың жолға қойылғандығына білімалушылармен, жұмыс берушілермен сұхбат жүргізу барысында көзіміз жетті. Бітіруші түлектердің жыл сайынғы жұмыспен қаншалықты қамтылғандығын есепке алып отыру мақсатында еңбек нарығындағы олардың рөлін айқындау жұмыстары жүргізіледі. Соған сәйкес, түлектер жайлы мәліметтер қоры жинақталып, облыстық және аудандық білім басқармаларына бос жұмыс орны мен ваканттық орындар туралы сұраныстар түсіріледі. Әрбір оқу жылында білім беру мекемелері өкілдерінің және басқа ұжымдардың қатысуымен ваканттық бос жұмыс орындарының «Жас маман» атты жәрмеңкесі өткізіледі.

Бітірушілермен сұхбат барысында олармен білім сапасын көтеру мақсатында білім беру бағдарламасымен тұрақты байланыстың орнатылғандығын байқадық.

«Дипломнан кейінгі сүйемелдеудің» (верификация кезеңі) сапасын жақсарту мақсатында бітірушілермен және жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың тиімді әдістері құжаттарды көргенде және ПОҚ-пен сұхбат кезінде айқындалды.

Білім беру бағдарламаларының түрлері мен білім беру деңгейлері бойынша студенттер контингентінің электронды базасы жайлы мәліметті және білім беру бағдарламаларына қабылдаудың ерекше шарттары (шет тілін білуі, кәсіби тәжірибесінің бар болуы және т.б.) қарастырылған.

Кәсіби білім берудегі нәтижелілік еңбек нарығындағы ЖОО түлектерінің сұранысы арқылы көрінеді. Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі 2015-2016 жылы 95%, 2016-2017 жылы 78%, 2017-2018 жылы 85% 2018-2019 жылы 98% жылы жұмыспен қамтылған, яғни түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі жыл сайын өсіп отырған. Мұндай нәтижеге қоғамдағы әлеуметтік сұранысқа және жұмыс беруші талаптарына сай болуы үшін түлектерге түйіндеме әзірлеуге және басқа құжаттар жүргізу бойынша шеберлік сыныптары, жұмыс берушілермен ұтымды сұхбат жүргізу үшін оқыту семинарлары, оқытушылардың белгіленген ережелер мен сапасына сай іс-тәжірибе өтуі үшін жұмыс берушілермен келіссөз жүргізу арқылы жеткен.

Студенттердің аралық аттестациясы, жұмыс берушінің пікірі, жұмысқа орналастыру жайлы талдау жасау, студенттер практикасының қорытындысы, ағымдағы үлгерім, мемлекеттік аттестация, оқыту сапасы, оқытушының кәсіптік өсуі бағытында сауалнама жүргізіліп отырған. Мониторингісі шығарылып, кафедра отырыстарында талдау жасалынған хаттамалары тіркелген.

Мамандық түлектерінің бойында жалпы білімдарлықпен қатар, әлеуметтік логикалық құзыреттіліктер, құқықтық, ұйымдастыру-басқару құзыреттіліктері, арнайы құзыреттіліктер қалыптасқан.

Оқу нәтижесінің сапалық көрсеткіштері: үздік студенттер саны, үздік дипломмен бітірушілер саны, жұмысқа орналасу пайызы, жұмыс берушілердің түлектер сапасына қанағаттануы жыл сайын артып отыр.

БВ01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілер ғылыми орталықтарда, орта мектептерде, арнаулы кәсіби және жоғары оқу орындарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, министрліктер мен мемлекеттік органдарда қызмет етіп келеді. Негізгі қызмет салалары – ғылыми қызметкер, мұғалім, оқытушы, әдеби редактор, жүргізуші диктор, арнайы хабарлар жетекшісі, іс қағаздарын жүргізуші, аудармашы, т.б. Сондай-ақ, мамандық бағыттары бойынша магистратурада білімдерін жалғастыруда. Академия қабырғасында жылына бір рет «Bolashaq» академиясын, соның ішінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ туралы мәлімет тарататын ақпараттық буклеттер жарық көреді. Сонымен қатар «Лимонад» журналында осы тақырып бойынша ақпараттар да жарияланып отырады. Академия жайлы бейнеролик түсіріліп, «Bolashaq» деген атпен имидждік өнімдер жасалып, ғаламторға енгізілді. Осы жұмыстарға қосымша ретінде ҰБТ ережелері бойынша талапкерлерге консультациялық көмек, алдын ала тестілеу шаралары жүргізіледі. Жылына бір рет кәсіби бағдар жұмысы аясында университет құрамынан арнайы өкілдер Қарағанды, Жезқазған, Балқаш, Теміртау, Сәтбаев, Саран, Абай, Шахтинск, Қарқаралы, Бұқар жырау, Осакаровка, Ақтоғай, Шет, Жаңаарқа секілді шағын қалалар мен ауылдық жерлердің мектептері мен колледждеріне барып тұрады. Мұнда

жарнамалық-ақпараттық қағаздар таратылып, академия және «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ жайында дайындалған бейнероликтер көрсетіліп, сұхбаттар жүргізіледі. «Алтын белгі» үміткерлерімен де жеке кездесулер жасалады.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы жыл сайын «Жас филолог» деген атпен мектеп бітіруші түлектер арасында облыстық деңгейде олимпиада ұйымдастырып, оны жеңіп шыққан оқушыларға университет ректорының гранты тағайындалып отырылады. Атап айтқанда, I орын алған оқушы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша университетте 1 жыл тегін оқу грантына, II орын алған оқушы 1 жыл 75% тегін оқуға, ал III орын алған оқушы 1 жыл 50% тегін оқуға, сондай-ақ аталған олимпиадаға қатысқан барлық оқушы «Volashaq» академиясына оқуға түскен жағдайда біздің ББ 1 жыл бойы 5% жеңілдікпен оқуға мүмкіндік алады. Жоғарыда аталған жұмыстардың нәтижесінде университетке оқуға түсушілердің нақты болмаса да болжалды түрде саны анықталады.

6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы тұрақты қабылдаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып отыр, ол беру бағдарламасының тартымдылығы деп айтуға болады, себебі бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші ортадан жоғары.

Еңбек нарығында «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бакалавры сұранысына келесі төмендегі кесте дәлел бола алады.

#### Студенттер контингенті

Академиялық жыл	2015-2016	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020
Студенттер контингенті	153	196	211	190	123

#### Қабылдау көрсеткіштері

Мамандығы		Талапкерлер және 1-курсқа қабылданған студенттер														
		2015-2016ж			2016-2017ж			2017-2018 ж			2018-2019ж			2019-2020ж		
Шифр	Атауы	Қабылдау комис. барлық етінішпен	ЖОО-ға қабылданды	ҰБТ немесе КТ орташа балы	Қабылдау комис. барлық етінішпен	ЖОО-ға қабылданды	ҰБТ немесе КТ орташа балы	Қабылдау комис. барлық етінішпен	ЖОО-ға қабылданды	ҰБТ немесе КТ орташа балы	Қабылдау комис. барлық етінішпен	ЖОО-ға қабылданды	ҰБТ немесе КТ орташа балы	Қабылдау комис. барлық етінішпен	ЖОО-ға қабылданды	ҰБТ немесе КТ орташа балы
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Бакалавриат																
5B011700/ 6B01701	Қазақ тілі мен әдебиеті	38	35	61,4	110	100	57,3	100	80	59,7	52	45	84,6 /	18	17	70,7

6B01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы мазмұны Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңында айқындалған білім деңгейіне сәйкес еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттайтын, білім, білік пен дағды, жеке әрі кәсіби құзыреттерден тұратын Ұлттық біліктілік жүйесінің 6-шы деңгейіне сәйкес әзірленген және кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына қойылатын талаптарды айқындайтын кәсіби стандарт талаптарын орындайды. Тұтынушылардың (студенттер, ата-аналар, жұмыс берушілер мен академиялық қауымдастықтар) талап-тілектерін қанағаттандырады.

6B01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде алынған «Білім бакалавры» академиялық дәрежесі бітіруші түлектерге мамандар талап етілетін жерлерде жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

**Оң тәжірибе:** Педагогикалық тәжірибе нәтижелері де тамаша көрсеткіштерге жеткен. Практика барысында студенттер 4 бағытта жұмыс атқарады: оқу-әдістемелік, тәрбие, ғылыми, кәсіби бағдар жұмысы. Мектеп – академия байланысы жақсы жолға қойылған. «Volashaq» академиясы мына практика базаларымен келісімшарт жасаған; Қарағанды облысы білім басқармасының «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қарағанды облысы «Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ «№6 жалпы білім беретін орта мектебі», Қарағанды обл тілдерді дамыту басқармасы, Қарағанды қалалық тілдерді оқыту орталығы, Қарағанды облысының Ресурстық тіл орталығы, Республикалық рухани жаңғыру орталығының Қарағанды облыстық бөлімшесі, Қарағанды қаласы әкімдігінің «Қарағанды қаласының «№68 МИ» ЖББ КММ, Ә.Бөкейханов атындағы №76 ЖБОМ, көпсалалы гуманитарлық-техникалық колледжі, Қарағанды гуманитарлық колледжі, «Volashaq» жоғарғы колледжі. Кафедра филиалдарында аптасына екі рет студенттердің оқытушымен өздік жұмысы және семинар сабағы өткізіледі.

**Білім беру бағдарламасының төртінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.**

## **СТАНДАРТ 5. ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІ**

**Дәлелдемелер және талдау:** «Bolashaq» академиясының профессор-оқытушылар құрамын жұмысқа қабылдау, қызметте жоғарылату, марапаттау, қысқарту, жұмыстан босату, құқықтары мен міндеттері, қызметтік нұсқаулар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және ПОҚ-тың лауазымдық нұсқаулығы, «Қызметкерлер менеджменті» стандарты негізінде жүзеге асырылады <http://kubolashak.kz/novosti/sertifikat-smk/>.

ПОҚ және ЖОО қызметкерлерінің қызметін реттеуші негізгі ішкі құжат болып, ішкі тәртіп (еңбек) ережелеріне сай жүргізіледі. Аталған құжаттар ҚР еңбек заңдылықтарына және «Bolashaq» академиясының миссиясына сәйкес академияға қабылдау және шығару тәртібі, жұмыс уақыты және оны тиімді пайдалану, қызметкерлер мен жұмыс берушінің негізгі міндеттері мен құқықтары, оқу процесінің тәртібі, оқу және еңбек жетістіктерін марапаттау, оқу және еңбек тәртібінің сақталмаған жағдайдағы жауапкершілігі қарастырылған. «Bolashaq» академиясымен ЖММ тәртіптік кеңесте қағидалар құрастырылған, онда оқытушының Ар ұят Кодексі, бірыңғай кәсіби және моральдық-этикалық талаптар бекітілген. Пән бойынша қажетті біліктілікпен профессорлық оқытушылар құрамын жинақтау штаттық кестемен, біліктілік талаптарына сай жүргізіледі. Мамандыққа қызмет ететін ПОҚ-ты жұмысқа қабылдауда ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында» көзделгендей білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары талаптарына сәйкестігі ескеріледі. Мамандардың кадрлық әлеуеті оқытушылардың ғылыми және педагогикалық біліктілігі орта жасын, практикалық тәжірибесін, іскерлік белсенділігін, қызмет сапасын бірге есептегенде өз қызметіне даярлығын айқын көрсетеді. Барлық пәндер бойынша білікті оқытушылар құрамының жеткіліктілігі білім алушыларға пән оқытушыларын таңдауға мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасы шеңберінде ПОҚ-тың педагогикалық жүктемені бөлудің оңтайлылығын бағалау штаттағы оқытушылардың, қоса атқарушылардың орындалған жұмыс көлемін есепке алу, сондай-ақ сағат бойынша ақы төлеу шартымен жұмыс істейтін оқытушылардың еңбегіне ақы төлеу іс жүзінде жұмсалған уақыт есебінен, бірақ ЖОО-ның Ғылыми кеңесі белгілеген нормалардан артық емес мөлшерде жүргізіледі.

Жұмыс істейтін оқытушылардың жылдық оқу жүктемесі: Бір ставкаға-оқытушылар үшін, аға оқытушылар үшін, кемінде-850, жоғары оқу орындарының доценттері - 800 сағат; ғылым кандидаттары мен ЖАҚ доценттері үшін - 750 сағаттан кем емес; жоғары оқу орындарының

профессорлары үшін - 700 сағаттан кем емес, ғылым докторлары, ЖАК профессорлары үшін - 675 сағаттан кем емес.

Ғылым докторы, профессор үшін ставкаға арналған аудиториялық жүктеме көлемі оқу жылында кемінде 300 сағатты, ғылым кандидаты, доцент – кемінде 350 сағатты, аға оқытушы - кемінде 500 сағатты құрауы тиіс.

«Bolashaq» академиясы Астана, Тараз, Петропавл, Павлодар, Шымкент, Ақтөбе, Көкшетау, Талдықорған, Алматы, Түркістан, Жезқазған қалаларының жетекші қазақстандық ЖОО-мен ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша ынтымақтастық туралы келісім-шарт аясында жұмыс жүргізеді. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы бойынша профессорлық-оқытушылық құрамның шетелдік тағылымдамалары мен академиялық ұтқырлықтары бар, оның тиімділігі жылдан жылға артып келеді. Мысалы, аталған кафедра оқытушылары 2015-2016 о.ж. – 2019-2020 о. ж. аралығында Түркия Республикасының Эрзурум қ., Ататүрік атындағы университетінде, ҚХР Құлжа қ., Іле педагогикалық университетінде, Ресей Федерациясының Таулы Алтай мемлекеттік университетінде, Башқұрт мемлекеттік университетінде тағылымдамалардан және академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша біліктіліктерін арттырған. (Мысал ретінде мына кестелерден көруге болады).

16.10.2017-27.10.2017ж. РФ, Башқұртстан республикасы, Башқұрт мемлекеттік университеті. Стерлитамак филиалы доценті, филология ғылымдарының кандидаты А.Ф.Утяев Айнур қазақ тілі мен әдебиеті ББ бағдарламасы студенттеріне «Түркі халықтарының әдебиеті және ежелгі әдебиет тарихы» пәні бойынша академиялық ұтқырлық аясында дәріс жүргізді.

27.02.2019-02.03.2019ж. Таулы Алтай қаласы, Тау-Алтай университетінің түркітану және Алтаистика кафедрасының профессоры, ф.ғ.д Н.М. Киндикова «Түркітану және Алтаистика» курсы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті ББ бағдарламасы студенттеріне академиялық ұтқырлық аясында дәріс жүргізді.

21.10.2019-09.11.2019ж. уақыт аралығында Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті гуманитарлық ғылымдар факультеті, педагогикалық ғылымдар кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Т.Ә. Данияров қазақ тілі мен әдебиеті ББ бағдарламасы студенттеріне «ЖОО-дағы білім мазмұны және оқыту технологиясын жасау» бағыты бойынша дәріс оқыды.

11.11.2019- 26.11.2019ж. Ақтөбе қаласы А. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, «Абайтану және ұлттық руханият ғылыми-зерттеу орталығының» жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, А.Ш. Пангереев «Абайтану» пәні бойынша қазақ тілі мен әдебиеті ББ бағдарламасы студенттеріне дәріс өткізді. Білім беру бағдарламасы аясында ОПК-ның оқу жүктемелері мен кафедра бойынша оқу пәндерінің бекітілуін, оқу - әдістемелік, ғылыми ізденіс және кураторлық жұмысты қамтыған жеке жұмыс жоспары мен есебін айғақтайтын құжаттар бар. ЖОО білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын оқытушылардың оқу және ғылыми қызметтерінің арақатынас тепе - теңдігі сақталған. Оқу-

әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспарлары, өткізілген отырыстардың хаттамалары кафедрада сақталған. Оқытушы-профессорлар құрамы шығарған оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдары жайлы мәлімет кестемен берілген. ББ-на қызмет көрсететін ПОҚ жайлы толық мәлімет беретін түйіндеме дайындалған. ПОҚ-тың жарияланған ғылыми басылымдары (елде және шет елде) кафедрада жинақталған. ПОҚ құзыреттілігіне жалпы баға беретін құжаттар (ашық сабақ, өзара сабаққа қатысу, студенттер сауалнамасы және т.б.) кафедрада бар. Кадрлық құрам үлесіндегі кафедра имиджінің басымдығы, ғылым докторлары мен кандидаттарының жеткіліктілігі.

Соңғы 5 жылда 26 оқулық, оқу құралы, монография т.б. баспадан шыққан. Аккредитациялау және мониторинг бөлімінің басшылығымен әр оқу жылында ПОҚ-тың қызмет сапасын бақылау мақсатында мониторинг жүргізіледі. Қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығы жөнінде сауалнама және «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы тұрақты алынады.

«Bolashaq» академиясының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, п.ғ.м. Р.Х.Абдрахманов 3 курс, К-17 тобында 14 ақпан күні сағат 9.30-10.20 уақыты аралығында «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» пәні бойынша «Етістік категориясынан өтілген материалға жаттығу» деген тақырыпта сабақ өткізді. Сабақ «Bolashaq» академиясының практика филиалы Қарағанды облысы білім басқармасының «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өтті. Семинар сабағы етістік категориясының лексика-грамматикалық ерекшелігін, сөз топтарының ішінде формаға бай категория екендігін, басқа сөз топтарынан өзіндік қандай ерекшеліктері барлығын оқушылардың меңгергендігін семинар сұрақтарын талдау арқылы көз жеткізу, етістік категориясы бойынша сатылай комплексті талдаудың толық үлгісін көрсету бағытында өткізілді. Сабақтың дамыту мақсаты: семинар сұрақтарын өз бетінше әзірлеуге баулу; лекцияда берілген теориялық материалды тұжырымдап, сызба – кестеге түсіруге үйрету; сызба – кестені басшылыққа ала отырып, материалды жүйелі, ғылыми стильде баяндау дағдысын қалыптастыру болып табылды. Сабақ процесінде компьютер, проектор, презентациялық кестелер, презентациялық кестелер арқылы сұрақ карточкалар, үлестірме материалдармен жұмыстар жүргізілді. «Bolashaq» академиясының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушы г.ғ.м. Е.М. Ермағамбетов «Абайтану» пәні бойынша «Абай – дана, Абай – дара қазақта» тақырыбында 2 курс, К-18 тобында 14 ақпан күні сағат 10.30-11.20 уақыты аралығында сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу. Даналық сөздерін талдап, мағынасына көңіл бөліп, есте сақтап, парасатты ақын екендігін дәлелдей отырып насихаттау. Сөз өнерінің қыр – сырымен таныстыру; көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу; шәкірттерді туған жерге деген сүйіспеншілікке, Отан тыныштығын қорғауға, адамгершілікке,

табиғат әсемдігін түсінуге тәрбиелеу, эстетикалық тәрбие беру болып табылды. Сабақ көрнекілігіне Абай портреті, кітаптар, шығармалары, тірек сызбалар, қанатты сөздер, фотослайдтар, буклеттер, бейнефильмдер пайдаланылды. Сабақ өткізушілер сабақтарында оқытудың жаңа технологиясын қолданды. Мысалы, мәселе мен жағдаятты модельдеу, топтық оқу, кейс-стади, жобалай, сатылай, даралай, проблемалық оқыту, ойға шабуыл секілді белсенді және интерактивті әдістер. РИНЦ пен БҒСБК басылымдарында кафедраның профессор-оқытушылар құрамының мақалалары жарияланып тұрады. 2015-2019 жылдарда РИНЦ басылымдарында 17 мақала, БҒСБК басылымдарында 11 мақала, Scopus мәліметтер базасына енетін журналдарда 2 мақала жарияланды. Білім беру бағдарламасы аясында ОПҚ-ның оқу жүктемелері мен кафедра бойынша оқу пәндерінің бекітілуін, оқу-әдістемелік, ғылыми ізденіс және кураторлық жұмысты қамтыған жеке жұмыс жоспары мен есебін айғақтайтын құжаттар бар. ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу жұмысы қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық негіздері мен оны оқыту үдерісінде қолданалатын жаңа әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды игертуге және интеллектуалдық әлеуеті жоғары тұлға қалыптастыруға бағытталған. Білім беру бағдарламалары бойынша штаттық ПОҚ-тан басқа шетелден жоғары білікті маман шақырылған. Халықаралық байланыстың жолға қойылғандығын құжаттармен танысу барысында жәкөзіміз жетті. Кафедраның оқытушылық құрамының ғылыми әлеуеті мен кәсіби біліктілік деңгейі инновациялық білім беру саласының талаптарына сай келеді. Білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін ОПҚ көптеген ғылыми жарияланымдардың (оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдардың) авторы; Білім беру бағдарламасы бойынша студенттер қабылдаудың тұрақтылығын қамтамасыз ететін қолайлы жағдай үшін профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін көтеруге көп көңіл бөлінеді. ПОҚ біліктіліктерін арттыру мәселесі жолға қойылған. ПОҚ халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларға белсене қатысады. Әкімшілік тарапынан профессор-оқытушы құрамының құзыреттілігін, оқыту сапасының тиімділігін бағалау жүйелі жүргізілетіндігі, ашық сабақтарға, өзара сабақтарға қатысу, студенттер мен әріптестерден сауалнама алу, оның нәтижесін шығару жайы, университет басшылығы тарапынан алғыс хаттармен, кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін және адал болғаны үшін сыйақылармен марапатталатындығы сұхбат барысында расталды. Профессор-оқытушылар құрамының білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне толықтай сәйкес келеді. «Volashaq» академиясын аралау барысында ЖОО қарасты көлемдегі лицензиялы медициналық пунктті, студенттік асхананы, 2 акт залын көрдік. Оқу-лабораториялық кабинеттер мамандық дайындаудың мақсаты мен міндеттеріне және ғылыми-зерттеудің даму бағыттарына сай жабдықталған.

Оқу процесінде мультимедиялық және тілдік жабдықты қолдану қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Академияның оқу ғимараттарында дәріс, семинарлық және тәжірибелік сабақтарды өткізуге арналған: 11



